6D050200 – Саясаттану мамандығы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
Жампетова Айгерим Оралбекқызының
«Заманауи қоғамдағы жаңғыру контексіндегі саяси құндылықтар»
атты тақырыпта диссертациялық жұмысына ресми
ПІКІР

Қазіргі таңда қазақстандық қоғам саяси, әлеуметтік - экономикалық, мәдени және дүниетанымдық салаларда өзгерістерді бастан кешуде, бұл халықтың құндылықтарына әсер етеді. Мұндай өзгерістер олардың ұлттық идентификация, патриоттық сезімге қатынастары, негізгі құндылықтар мен өзге де басты әрекеттерінен көрініс табады. Қоғамның қазіргі үрдістерін тиімді басқару үшін мемлекеттік құрылымдар оларды уақытылы зерделеуі қажет. Қазақстандық қоғамда болып жатқан құндылықты өзгерістер саяси үрдістердің маңызды аспектілері болып табылады. Осыдан туындайтын мәселе, кез келген қоғамның құндылықтарын зерделеу академиялық шеңбер үшін ғана ғылыми қызығушылық тудырып қоймай, мемлекеттің саяси-әлеуметтік үрдістерін басқару аясында да елеулі маңызға ие.

Зерттеу тақырыбы қазіргі Қазақстан қоғамында маңызды болып табылады, себебі елімізде жүргізіліп жатқан модернизация процесінде азаматтардың саяси құндылықтары ерекше рөл атқарады. Қазақстандық қоғамдағы саяси құндылықтардың қалыптасуы, олардың өзгеру себептері мен динамикасы, сонымен қатар қазіргі кезеңдегі олардың азаматтардың саяси санасына ықпалы туралы мәселелер өзекті болып отыр. Бұл диссертациялық жұмыс осы аспектілерді кешенді зерттеп, Қазақстандағы саяси құндылықтардың трансформациясын талдауға бағытталған.

Ізденуші қазақ халқының саяси процестерге қатысуының маңыздылығын көрсете отырып, Қазақстандағы саяси құндылықтардың қазіргі жағдайын зерттейді. Зерттеу азаматтардың ұрпақ арасындағы айырмашылықты айқындай отырып, сонымен қатар, жастардың саяси араласуына/араласпауына әсер ететін факторларды фокус топ әдісі негізінде зерттеп және құндылықтардың трансформациялану кезеңдерін салыстырмалы талдау әдісі негізінде анықталды. Сонымен қатар, құнды жұмыстардың бірі ретінде, зерттеу қазақ және түрік жастары мен олардың арасындағы саяси құндылықтарды салыстырмалы талдауды қамтиды. Осыған қоса, қазіргі қоғам контексінде қазақстандықтардың демократиялық құндылықтардың даму жағдайлары мен азаматтардың саяси санасында меңгерілуі айқындалды. Диссертант зерттеулеріне сәйкес, жастар арасында саяси қатысуға қызығушылықтың бар екені, бірақ әлеуметтік экономикалық жағдай, саяси институттарға сенімсіздік, саясаттағы білімнің жетіспеушілігі сияқты факторлар айтарлықтай кедергілер болып танылып отыр. Жастардың саяси белсенділігін арттыру берік демократиялық қоғамды дамыту үшін өте маңызды екенін көрсетеді.

Ізденуші диссертациялық жұмыста жаңа ой бағыттамаларды ашып көрсете білді. Мәселен, модернизация теориясын және оның саяси-

әлеуметтік өзгерістерге әсерін талдау нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар халық арасында жаңа құндылықтар мен көзқарастардың қалыптасуында жоғары рөл атқарады деген пікірмен бөлісе отырып, осы өзгерістердің нәтижесінде пайда болған постмодернистік құндылықтар демократиялық институттар мен режимдердің дамуына ықпал ететіні, бұл өз кезегінде демократиялық құндылықтарды қоғамдық санаға әсері айқындалып көрсетілді.

Зерттеу жұмысының құрылымына келетін болсақ, диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде саяси құндылықтарды теориялық және әдіснамалық тұрғыдан талдау, сондай-ақ олардың қалыптасу, даму және трансформациялану процестері зерттелді. Қазақ халқының дәстүрлі саяси құндылықтарының даму ретроспективасы мен Кеңес Одағында трансформациялану ерекшеліктері осы зерттеудің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, екінші бөлімде Қазақстан қоғамындағы заманауи саяси құндылықтардың трансформациясы, демократиялық транзит жағдайындағы ерекшеліктер, әлеуметтік-экономикалық өркендеу мен модернизация үрдісінің әсері, сондай-ақ жас ұрпақтың саяси құндылықтарының ерекшеліктері зерттеу тақырыбының негізгі бағытын құрайды. Бұл зерттеу саяси ғылымның дамуындағы жаңа көзқарастар мен әдіснамалық тәсілдерді ұсыну арқылы саяси құндылықтардың қоғамдағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу негізінде жаңашылдық сипаттағы келесі ғылыми нәтижелер алынды:

- саяси құндылықтарды жіктеу мен идеологиялық негіздер бүгінгі қоғамның әлеуметтік және саяси динамикасын зерттеудің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл бағытта шетелдік және қазақстандық ғалымдардың тұжырымдамалық негіздері жан-жақты сарапталып, саяси әлеуметтену институттарының қазақ қоғамындағы құндылық жүйесін қалыптастырудағы рөліне сыни талдау жүргізілді.

- саяси құндылықтарды жүйелеу барысында қазіргі қоғамдық құрылымдарға әсер ететін саяси құндылықтардың динамикасы мен олардың жас демографиясына байланысты әр түрлі ұрпақтар арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін салыстырмалы тәсіл қолданылды. Осылайша, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, саяси құндылықтар үздіксіз даму үстінде, бұл қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерге бейімделу қабілетін айқындайды.

- қазақстандық жастардың саяси құндылықтарын зерттеп, олардың заманауи қоғамда қалыптасып жатқан саяси бағдарларының ерекшеліктерін анықтау мақсатында жаңа құндылықтарды қоғамдық үрдістерге сәйкестендіріп игерген қазіргі тәуелсіз Қазақстан контекстінде тәрбиеленген жастардың саяси құндылықтарына сараптама жасалды. Сонымен қатар, түрік жастарының саяси құндылықтары мен қазақ жастарының құндылықтары арасында ерекшеліктер мен ұқсастықтарды айқындау мақсатында салыстырмалы талдау жүргізілді.

- саяси құндылықтарды жіктеуге тән ерекшеліктер мен идеологиялық негіздерге қатысты шетелдік, қазақстандық ғалымдардың тұжырымдамалық негіздерін жан-жақты сарапталды. Халықаралық зерттеу ұйымдарының нәтижелерін де сараптай отырып, Рональд Инглхарт және Кристиан Вельцель тұжырымдаған жіктеу аясында қазақ қоғамындағы саяси құндылықтарды классификациялау жүзеге асырылды, бұл қазақ хандығы кезеңінде қалыптасқан консервативті құндылықтардың қазіргі қоғамдағы маңызын анықтауға мүмкіндік берді.

Жалпы, зерттеуде қолданылған әдістер кешенді және ғылыми талаптарға сай. Сауалнамалық деректер, фокус-топ талдауы, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың деректері зерттеудің дәлелділігін арттырып, алынған нәтижелердің объективтілігін қамтамасыз етеді. Автордың зерттеу әдістерін дұрыс таңдауы жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын арттырады. Диссертацияның ғылыми жаңалығы зерттеу нысанының жаңашылдығы мен алынған нәтижелердің ерекшелігі арқылы көрініс табады. Атап айтқанда, Қазақстан азаматтарының саяси құндылықтарының трансформациясы алғаш рет осындай кең ауқымды талдау нысанына айналды. Зерттеудің нәтижелері сенімді және толықтай негізделген.

Диссертация нәтижелері қазақстандық қоғамның саяси мәдениеті мен саяси әлеуметтену процесін дамытуда үлкен маңызға ие. Алынған мәліметтер мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері мен қоғамдық ұйымдар үшін маңызды болып табылады және саяси білім мен мәдениет деңгейін арттыруға, демократиялық құндылықтарды насихаттауға ықпал етеді. Сондай-ақ, жұмыстың нәтижелері Қазақстанның әлеуметтік-саяси саясатында стратегиялық шешімдер қабылдауда қолданылуы мүмкін.

«Заманауи қоғамның модернизация контексіндегі саяси құндылықтары» атты диссертациялық зерттеуі докторлық диссертацияға қойылатын талптарға толық жауап беретін тәуелсіз білікті ғылыми жұмыс болып табылады және оның авторы Жампетова Айгерим Оралбекқызы «6D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Саясаттану және саяси технологиялар
кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. **Әбдіғалиева Г.К.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«10» 11 2024 г.